

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) экспорттау-импорттау кезінде өзара жанама салықтар алу принциптері туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 29 маусым N 239

Алматыда 1997 жылғы 10 маусымда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзірбайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) экспорттау-импорттау кезінде өзара жанама салықтар алу принциптері туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) экспорттау-импорттау кезіндегі өзара жанама салықтар алу принциптері туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 1999 ж., N 4, 77-құжат)
(1998 жылғы 9 шілдеде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 68 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі, одан әрі Уағдаласушы Тараптар, өзара тиімді экономикалық қатынастарды дамытуға және экономикалық интеграцияларды тереңдетуге, шаруашылық субъектілері үшін тең мүмкіндіктерді тағайындауға және халықаралық сауданың жалпы нормалары мен тәртіптерін бағдарға алып, әрекет ете отырып,

мына төмендегілерге келісті:

1-Бап
Жалпы айқындамалар

Осы Келісімнің мақсаты үшін:

а) "жанама салықтар" термині қосылған құнға салынған салықтарды және акциз салықтарын білдіреді;

б) "нөлдік ставка" термині қосылған құнға 0% ставкасы бойынша салынған салықтарды білдіреді, бұл-қосылған құнға салынған салықтардан толық босатылғанымен бірдей;

в) "орнын тағайындау принципі" термині бір Уағдаласушы Тараптың кедендік аумағынан экспорттау кезінде нөлдік ставканы қолдануды және осы Тараптың ішкі заңдарымен белгіленген ставка бойынша импортталатын (немесе импортталған) тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) салық салуды білдіреді;

г) "бір Уағдаласушы Тарап" және "өзге Уағдаласушы Тарап" термині

контексте тәуелсіз Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасын білдіреді;

д) "құзіретті органдар" термині Қазақстан Республикасы тарапынан Қаржы министрлігін, Әзербайжан Республикасы тарапынан - Әзербайжан Республикасының Қаржы министрлігі мен Әзербайжан Республикасының Бас Мемлекеттік Салық Инспекциясын білдіреді.

2-Бап

Экспорттау кезінде салық алу принциптері

Уағдаласушы Тараптар бір Уағдаласушы Тараптың екінші Уағдаласушы Тарапқа экспортталатын тауарларына (жұмыстарына қызметтеріне) қосалқы салықтар салынбайды.

3-бап

Импорттау кезінде салық алу принциптері

Өзге Уағдаласушы Тарап аумағынан экспортталып бір Уағдаласушы Тарап аумағына импортталатын тауарлар (жұмыстар, қызметтер) импорттаушы мемлекетте, оның ұлттық заңдарына сәйкес, жанама салықтар салынады.

Уағдаласушы Тараптың кедендік аумағына тауарлар әкелінген кезде кеден органдары салық салуды жүзеге асырады.

Уағдаласушы Тараптардың импортталатын тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) салық салу кезінде ішкі өндірістің ұқсас тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) салынатын тиісті салықтардан асатын салық ставкалары қолданылмайды.

4- Бап

Даулы мәселелерді шешу

Уағдаласушы Тараптар, өздерінің заңдары шеңберінде, үшінші мемлекетпен сауда жүргізу кезінде салық салу мәселелеріне қатысты ұқсас жанама салық жүйесін құруға, сондай-ақ осы Келісімдегі ішкі салық заңдарының принциптерінде көрсетілгендерді енгізуге бағытталған келісілген әрекеттерді қолданады.

Құзіретті органдар заң салықтарын сақтау мәселелері бойынша ынтымақтасу және өзара көмек саласында бұрын қол жеткізілген ережені есептей отырып, осы тармақтың нақтылы әрекет ету тәртібін жасайды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға қатысты барлық даулар мен пікір қайшылықтары Уағдаласушы Тараптар арасында кеңесулер және келіссөздер арқылы шешіледі.

5-Бап

Қорытынды ереже

Осы Келісім, барлық қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы Уағдаласушы Тараптарға хабарланған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім тек оның күшіне енген күнінен кейін ғана ұсынылған тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) қатысты қолданылады.

Әр Уағдаласушы Тарап өзге Уағдаласушы Тарапқа хат арқылы хабарлай

отырып осы Келісімнен, Келісім әрекет еткен уақыт ішінде пайда болған қаржылық және басқа да міндеттемелерді реттеп, шығуына кейінгі алты ай уақыттан кешіктірмей шыға алады.

10 маусымда Алматы қаласында қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде бір түпнұсқа данада жасалды.

Осы Келісімнің қазақ және әзербайжан тілдеріндегі мәтіні бойынша Уағдаласушы Тараптар арасында пікір қайшылығы пайда болған жағдайда негізге орыс тіліндегі мәтін алынады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін

Келісімді оқыған:
Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК